

Б. К. АХМЕДИНА

ҚОСТІЛДІЛІКТІҢ ПСИХОЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ЛИНГВОДИДАКТИКАЛЫҚ СИПАТТАМАСЫ

Қазақстан Республикасы мемлекеттік тәуелсіздікке жеткеннен бері қостілдіктің дамуы және оның әл-ахуалы күн тәртібінен түспей отыр, себебі, Қазақстан кеңістігінде ұлттық-қазақ, ұлттық-орыс, қазақ-француз, қазақ-ағылшын қостілділіктің түрлері белсенді түрде дамып өркендеп келе жатыр. Бұл құбылыс этнотілдік ситуациямен байланысты: Қазақстан қауымында жүзден астам халықтар тұрып жатыр. Мемлекетте тұратын диаспоралардың өкілдері өз тілін жете білумен қоса, қазақ және орыс тілдерін де жақсы игеруге тырысып жатыр, себебі осы тілдердің мәртебесі жоғары және осы тілдер арқылы басқа ұлттар Қазақстан қауымдастығына кіріп отыр. Осы қауымдастыққа кірудің негізгі жолы ұлттық- қазақ, ұлттық орыс тілдік қостілділіктерді игеру. Сонымен қоса, мемлекетте шетелден келген инвесторлардың, туристердің саны жылдан жылға қарай көбейіп келе жатыр. Шетелден елген адамдардың негізі тілі – ағылшын және француз тілі. Осы тілдердің мәртебесі де жоғары. Әлемдік қауымдастыққа кіру үшін Қазақстан халықтары әлемдік тілдерді игеру керек. Халықтар мәдениеттерінің өркендеуі, жаһандану үдерісінің салдары арқасында жақындасуы әр түрлі қостілділіктің дамуына себеп болады, өйткені қостілді меңгеру арқылы халықтар бір-бірімен еркін қауышады. Сондықтан да «қостілділік екі – үш ұжымдардың арасындағы коммуникативтік көпір [1].

Қостілділікті дамыту – қазіргі заманның өзекті мәселесінің бірі, сондықтан да оны жан-жақты және ғылыми тұрғыдан зерттеу қоғамның қажеттілігінен туындайды. Осы жағдайлармен байланысты қостілділік проблемасын психолингвистикалық тұғырдан қарайық.

Қостілділік феноменнің психолингвистикалық тұғырдан зерттену барысында келесі мәселелер көтерілді: 1) екінші тілді үйрету тәсілі; 2) екінші тілді меңгеріп алып жатқан адамның жас-мөлшері, 3) қостілдік тұлғаның бір тілден басқа тілге ауысу қабілеттерінің бар-жоқтығы; 4) бірінші және екінші тілді меңгеру деңгейі; 5) туған тілдің негізінде екінші тілге үйрету кезінде жиі кездесетін қиыншылықтардың түр сипаты,

6) екі тілдің нормалардан ауытқуы; 7) екінші тілді толық игеріп, мүлтіксіз тура білуі.

Көріп отырсақ, психолингвистика билингвизм мәселелерін зерттеу барысында оларды коммуникант тұлғаның сөздік әрекетінде пайда болатын проблемаларымен байланыстырады.

Қостілділіктің психолингвистикалық жағы қостілділік Е.М.Верещагин және А.Е.Карлинскийдің еңбектерінде тереңірек қаралған. Е.М.Верещагин [2]. қостілділік мәселесін психологиялық жақтан сипаттай отырып, қостілділік теориясын келесі төрт фактор негізінде дамытады: 1) билингвтің орындайтын іс-әрекеттерінің саны бойынша; 2) екі сөздік механизмдердің сәйкестенуіне қарай; 3) әрбір тілдегі ойлау жүйесімен байланысу тәсіліне қарай; 4) сөздік механизмнің басымдылығына қарай.

Билингвтің белсенді түрде орындайтын іс-әрекеттерінің санына қарай қостілдіктің үш түрі жіктелінеді: 1) рецептивтік қостілдік. Ол артикуляцияны, дұрыс сөзді тудыруға баланың қабілетінің жоқтығын көрсетеді; 2) репродукциялық қостілдік. Бұл жағдайда бала артикуляциясы дұрыс деңгейде айтуға болатын сөзді тудыра алады; 3) продуктивті қостілдік. Бұл жағдайда билингв екінші тілде дұрыс сөйлеп, сөзді дұрыс деңгейде тудырады.

Екі сөздік механизмнің сәйкестенуіне қарай қостілдіктің екі түрі белгіленеді: 1) таза билингвизм. Бұл жағдайда әр түрлі ситуацияда тек ғана бір тілді пайдаланады; 2) аралас қостілдік. Аралас қостілдік жүзеге асырылған кезеңде белгілі бір ситуацияда билингв екі тілді пайдаланады.

Әр тілдегі сөздік ойлау жүйесімен байланысу тәсілі бойынша қостілдіктің келесі үш түрі жіктелінеді: 1) тура билингвизм. Бұл жағдайда екінші тіл ойлау жүйесімен тығыз байланыста болады; 2) аралас қостілдік. Бұл жағдайда белгілі бір ситуацияда билингв әртүрлі тілдерді қолданады; 3) тура емес билингвизм. Бұл жағдайда екінші тілдегі сөздік дағдылар ой жүйесімен тікелей байланыста болмайды. Онымен екінші тілдегі сөздік дағдылар бірінші тілдегі үйреншікті сөздік дағдылар арқылы байланысады.

А.Е. Карлинский өзінің «Тілдердің іс-әрекеттестерінің теориялық негізі» атты еңбегінде

тілдер қатынастардың теориясын дамыту барысында қостілділік ұғымына түсінік беріп, қостілділік түрлерін сипаттайды. Автордың пікірінше, қостілділік процесі тілдік контактілердің бірінші сатысы, ал тілдік қатынастар билингвтердің өзара іске асырылатын сөздік іс-әрекеттердің нәтижесі [1].

А.Е. Карлинский де тілдік қатынастардың психологиялық компоненттеріне назар аударып, жарық билингвтердің сөздік іс-әрекетінде іске асырылатынын дәлелдейді. Ол үшін ол екі билингвтердің сөздік механизмдерінің ерекшелігіне назар аударып, сөздік іс-әрекетті зерттейді. Автордың ойынша, тілдер бір-бірімен тікелей қарым-қатынаста болмайды. Олар тек ғана материалды түрде өтетін іс-әрекет арқылы қатынасқа кіреді. Тек ғана сөздік іс-әрекет екі тілдердің қарым-қатынастарын материалды түрде көрсетіп, жүзеге асырады. Сөздік іс-әрекет материалдық іс-әрекет, билингвтердің тілдік компетенциясы негізінде іске асырылады. Тілдердің қарым-қатынасы жеке тұлғаның сөздік іс-әрекетінде өтеді, яғни сөйлеу және түсіну процесі кезінде сөздік шығармалардан (орындау саласы) компетенцияға қарай қозғалыс сөздік әрекет арқылы өтеді [1]. Н.Б. Мечковская да тілдік қатынастық процестің психоллингвистикалық механизмін зерттей отырып, екі тілдің қатынастары тек ғана осы тілдерде сөйлейтін адамдардың өзаралық сөздік іс-әрекеті ретінде өтеді деп көрсетті. Егерде партнерлар бір-біріне қарай қозғалыс жасап, бір-екі адым жасаса, сонда ғана екеуі бір-бірін түсінетін жағдайға келеді. Ал егерде олар партнердің тілін мүлдем білмесе, онда қатынас алға баспайды. Қатынас жүзеге асырылуы үшін партнерлар басқа тілдің бір-екі сөзін болса да білу керек. Егерде тіпті әр тілде сөйлейтін тұрғындар бір-бірімен қарқынды және үнемі байланыстарда болса, онда тілдік қатынастар да іске асырылып, қостілділік тұлғалардың сөздік іс-әрекетінде өтеді. Сөйтіп қортындылап айтқанда, деп тұжырымдайды Н.Б. Мечковская, тілдік қатынастар жеке тұлғаның немесе сөйлейтін ұжымның қостілділігі арқылы іске асады [3,171].

Тілдік қатынастар болу үшін қостілділіктің әр түрі жарамайды. Ол үшін тек ғана аралас қостілділік болу керек. Аралас қостілділікті игерген жеке тұлғаның сөздік іс-әрекетінде тілдік қатынастар өтеді. Оның механизмі қандай? Белгілі орыс ғалымы Л.В. Щерба таза және аралас

қостілділікті сипаттай отырып, аралас қостілділікке келесі анықтама берген: «аралас қостілділік деп біз екінші тілді оқығанда бірінші тілге жалтақтайтын жағдайларды жатқызамыз» [42].

Ю.Д. Дешериев қостілділікке әлеуметті-лингвистикалық және психоллингвистикалық аспектілік сараптамасын жасайды [4].

Ю.Д. Дешериевтің сараптамасында мектептің және ЖОО бағдарламасында қойылған талаптар ескеріліп төрт сатыда дамитын қостілділіктің қалыптасу үдерісі зерттелінеді: а) бірінші – бастауыш мектепте;

б) екінші сегіз жылдық мектепте; в) үшінші саты – орта мектепте; г) төртінші саты жоғары оқу орнында [16].

Осы сатыларды өту барысында қостілділіктің әртүрлі тұлғасы дамиды. **Бірінші саты.** Осы сатыда индивид орыс тілін білу үшін қажетті дағдыларға және икем-епшілдіктерге үйрене бастайды. Бастапқы кезде индивид орыс тілінің дыбыстарын айтуды үйреніп, күнделікті тұрмыста қажетті сөздерді біледі. Осы мерзімде жеке тұлға орыс және өзінің туған тілінде ұқсас элементтерді іздестіре бастап, бір-бірін салыстырады. Егерде сөздік қоры жеткілікті болса, онда ұлтаралық қауышу кезінде жеке тұлға не туралы айтып жатқанын түсіне бастайды. Бірақ түсінгенмен, өз ойын айтып білдіруде көп қиыншылықтарды кездестіреді. Вербалдық құралдарды пайдалану процесінде индивид паралингвистикалық әдістерді қолдана бастайды, себебі нышан, мимика, тұрыс-қалыптар арқылы өзінің ойын жете білдіргісі келуге тырысады. Осы кезде паралингвистикалық тәсілдер өзіндік түрде коммуникативтік функцияны орындай алмайды, сөздік элементтерді ғана сүйемелдейді.

Осы бастапқы қостілділіктің қалыптасуы кезінде орыс және туған тіліне ортақ сөз қоры құрала бастайды. Осы игерілген сөздер мен паралингвистикалық әдіс-тәсілдер сөйлеуші адамға қарапайым ғана түрде өтетін орыс тіліндегі қауышуды іске асыруға көмек етеді

Екінші саты. Бұл сатыда қостілділік тұлғаның орыс тілде сөйлеу үшін сөз қоры жеткілікті болып билингв орыс тілін халықаралық коммуникативтік ситуацияларда, орыс тілінің сабағында қолданады. Сонымен қатар орыс тілінде кітаптар оқи бастайды. Бірақ осы сатыда билингвтің туған тілінің функционалдық қарқындылығы басымды болу себебінен орыс тілінің қызметі екі-

үш салаларда ғана жүзеге асырылады. Бұл сатыда билингвтің орыс тілінде сөйлеу үшін қажетті икем-ептіліктері онша күрделі емес, сондықтан да қостілді тұлға өзінің туған тілімен бірге игерген үйреншікті дағдыларды жиірек қолданып, орыс және жат тіліндегі сөздерді, сөз тіркестерді үнемі салыстыра отырып, олардың ұқсастығы не айырмашылығы туралы қорытындылар жасап отырады. Орыс сөзін қарастырған сатыда билингвтің тілдік сана-сезімінде үнемі орыс тілінің сөздері, сөйлемдері ұлттық тілге аударылып отырылады, сондықтан да интерференцияның түрлері тілдің әр деңгейінде іске асырыла бастайды. Орыс емес билингвтердің сөзінде үнемі паузалар, қайталаулар жиі кездеседі: осындай қостілдіктің ерекше көзге түсетін белгілері: 1) интерференция күрделілеу және синкретикалық түрде кездеседі, 2) көбінесе морфологиялық, яғни грамматикалық интерференция кездеседі.

Үшінші саты. Осы сатыда фонетикалық интерференция кездеспейді. Сөздің дыбысталуы дұрыс түрде өтеді, фонемалардың дыбысталуы оқитын тілдің фонетикалық нормаларына сәйкес келді. Сонымен қатар лексика-семантикалық деңгейде интерференция сақталынады. Осы сатыда билингв көп мағыналы сөздердің семантикалық құрылымына кіретін барлық мағыналарды толық көлемде пайдалана алмайды. Билингв көбінесе сөздің тура мағынасын біліп, қосымша, ауыспалы мағыналарды әлі де болса дұрыс қолдана алмайды, себебі олар туралы түсінігі шамалы ғана болады. Осындай қостілділікті игерген билингвтің сөздік қорытындысы көбінесе тура деректі мағыналары бар сөздер жиі кездесіп, абстрактікалық семантикасы бар сөздер және көп мағыналы сөздер бұл қорға мүлдем кірмейді.

Төртінші саты. Бұл сатыда билингвтің сөзінде кездесетін интерференциялық көріністер азаяды. Сонымен қатар кейбір интерференциялық көріністер әлі де болса жүзеге асырылуы мүмкін. Олар: 1) екінші фонетикалық позицияда дыбыстардың айту ережелері дұрыс орындалмайды; 2) сөз тіркестері дұрыс құрылмай, оларды құру кезінде сөз тіркесінің нормалары бұзылып отырады.

Бесінші саты. Осы сатыдағы қостілдіктің ерекшеліктері келесі түрде көрініс береді: 1) интерференциялық элементтер жоғалып, орыс тілінің ережелерімен ауытқу сирек кездеседі; 2) туған тілдің әсері шамалы түрде ғана кездесіп,

өлсірей бастайды; 3) Билингвтің сөзінде екінші тілдің нормалары бұзылмайды, ал сөз нормативті қасиетке ие болып, нормаларға сәйкес келеді. Билингв орыс тілінде өз ойларын, түрлі сезімдерін еркін түрде әлпеттей алады; 4) билингвтің сөздік қорының көлемі өсіп, ол орыс тілін қоғамның әр түрлі салаларында еркін қолданады. Осындай билингв жай ғана ауызекі стилді ғана меңгермей, публицистік және өндірісті-техникалық стилді де игереді. Публицистік және көркем-әдеби сөздерді билингв көркем әдебиет немесе газет-журналдарды оқығанда, кино, телеқойылымдарды көріп олардың мазмұнын жеткізгенде пайдаланады. Сонымен қатар, билингв орыс тілін эпистолярлық жанрларда қолданбай, дербес қағаздарды туған тілде жазады; 5) сонымен қатар, билингв сөз тіркестерді қолданғанда кейбір интерференттік қателерді жібереді. Олар: 1) анықтама беретін сөздер мен анықтаманың қиысуында жіберетін қателер; 2) орыс тілінде сөз тіркестерді септеуінде.

Алтыншы саты. Осы сатыда көбінесе стилистикалық интерференция көзге түседі. Билингвтің сөзінде варианттық және синонимдық қолданыстарды пайдаланғанда екінші тілдің нормасынан ауытқулар орын алады.

Жетінші саты. Осы кезде билингв екінші тілдің фонетикалық және грамматикалық жүйелерін толық меңгеріп алады. Бірақ осындай түрде екінші тілді меңгеру бұқара түрде кездеспейді, тек кейбір жеке тұлғалардың сөзін сипаттайды. Осындай нормалардан ауытқу лексика-семантикалық жағынан өзгешелігі бар синонимдерді таңдағанда, көп мағыналы сөздердің мағыналық көлемін пайдаланбағанда орын алады.

Сегізінші саты. Осы деңгейде екінші тіл толық түрде меңгерілінгеннің нәтижесінде билингв екінші тілдің фонетикалық, грамматикалық, лексика-семантикалық, синтаксистік жүйелерін білуімен қоса, екінші тілдің стильдік жүйесін де толық игеріп, сол тілді қоғамның барлық саласында қолдана біледі. Осы сатыда билингв өзінің ойын әлпеттеу үшін тек ғана ойды нақты түрде білдіретін сөздерді дұрыс таңдауымен қоса, сол коммуникативтік тәсілдерді белгілі ситуацияға сәйкес қолданады.

Тоғызыншы саты — қостілділіктің ең жоғары деңгейіне ие болу. Осы деңгейде билингв екінші тілдің ауызша-жазбаша тұлғаларын толық игеріп, әдеби тілдің барлық функционалдық стильдердің

білуімен қоса оларды қоғамның әр саласында белгілі ситуацияларға сәйкес қолданады.

Ю.Д. Дешериевтің пікірінше, билингв тек осы сатыда екінші тілді аккумулятивтік функцияда пайдаланады, себебі осы аккумулятивтік қызметі екінші тіл арқылы оралғанда, билингв осы тілде жиналған қоғамдық, әлеуметтік тәжірибе мен білімдерін тек ғана бір аяларда ғана қолданумен шектелмей, барлық салаларда еркін пайдаланады. Осы сатыдағы қостілділікті Ю.Д. Дешериев координативтік билингвизмге жатқызады.

Психолингвистикалық аспект лингводидактикалық аспектімен қиысады, себебі олардың алдында қоятын мәселелері ұқсас, сондықтан да қостілдікті педагогикалық аспектіде зерттегенде назар аударатын негізгі мәселенің бірі болып интерференция проблемалары басымды болады, себебі әдістеме көбінесе туған тілдің екінші тілде туындайтын сөзге еткен әсерімен шұғылданып, сол құбылысты жан-жақты зерттейді. Әдістемелік аспектіде билингвизм проблемасын зерттеу үшін лингводидактика лингвистиканың нәтижелеріне сүйеніп, әдістемелік құбылыстарды лингвистикалық проблемаларымен байланыстырады. Л. К. Жаналинаның, М. Р. Қондыбаеваның, З. Ш. Қолдасбаевтың еңбектерінде сондықтан осы ғылым салалары түйісіп, билингвизм проблемасы синкретті түрде зерттелінеді: Л.К. Жаналина қостілдік ұғымына келесі синкретті анықтама береді: «Қостілдік» термині екі мағынада қолданылады: 1) тілдік контактілер; 2)екі тілді игеру. Бір адамның екі тілді бірінен соң бірін игеріп, қолдануы мүмкін[5].

Л.К. Жаналинаның пікірі бойынша, мектепте, жоғары оқу орнында екінші тілге үйреткенде билингвтің екінші тілдегі тезаурусының қалыптасуына назар аударып, когнитивтік лингвистиканың негізгі ойларын есте үнемі сақтау керек. Бұл келесі ойлар:1) лингвистикалық және экстралингвистикалық білімдер бір-бірімен тығыз байланыста болады; 2) когнитивтік лингвистика білімдерді жүйелік түрде тоғыстырып, олардың әрекеттестігін зерттейді; 3)екінші тілді оқығанда психологиялық үдерістерді яғни идеалистік ойлау жүйенің нәтижелері тәжірибесін адамның қабылдау механизмдермен түйістіру қажет; яғни қабылдау механизмдері (бірінші ишараттық жүйе)

екінші ишараттық жүйемен (идеалдық іс-әрекет, ойлау іс-әрекеті) үнемі байланысу керек. Қабылдау механизмінің нәтижесі сана-сезімді когнитивтік түрінде сақталады. Сол құрылымдардың екі жағы болады; біріншісі ойлау іс-әрекеті процесінде адамның екі түрлі қатынасы жүзеге асырылады: бірінші қарым-қатынас адамның номинативтік іс-әрекетінде іске асырылады, ал екінші қарым-қатынас коммуникативтік іс-әрекет түрінде өтеді. Осы коммуникативтік іс-әрекет адамның ой жүйесіндегі тезаурустың құрылымында бар сөздерге, ұғымдарға сәйкес болады [20,25].

А.Е. Карлинский қостілділікті лингвометодикалық деңгейде зерттегенде интерференция құбылысына назар аудару керек деген пікірді білдіреді.

Интерференция — билингвтің екінші тілдегі бірінші тілдің әсерінен болатын нормадан ауытқулар. Ал егерде екінші тілдің әсерінің негізінде әртүрлі тілдің нормасынан ауытқулар байқалса, онда біз оларды лингвистикалық құбылыстарға жатқызып, бұндай нормадан тыс ауытқуларды «интеркаляция» құбылысына жіберуге болады [1].

Қостілдікті психолингвистикалық және лингводидактикалық аспектілерде зерттеу барысында тек ғана интерференция мәселелерімен шектелмеу керек. Осы құбылыстан басқа проблемаларды қостілділіктің мәнісін түсіну үшін анықтау қажет. Олар: екінші тілді үйренетін адамның жас мөлшері, екінші тілді үйрету үшін қолданылатын тәсілдер, билингвтің бір тілден басқа тілге ауысу үшін бар қабілеттері, екі тілдің типологиялық өзгешеліктері, бірінші, екінші тілді білу деңгейі, екінші тілді толық үйрену үшін қажетті жағдайлардың түрлері, т.б.

ӘДЕБИЕТ

1. Карлинский А.Е. Основы теории взаимодействия языков. Алматы: Ғылым, 1990.
2. Верещагин Е.М. Психологическая и методическая характеристика двуязычия (билингвизма). М., 1984.
3. Мечковская Н.Б. Социальная лингвистика. М.: Аспект — Пресс, 1996.
4. Дешериев Ю.Д. Развитие национально-русского двуязычия. М, 1976.
5. Жаналина Л.К. Номинация и словообразовательные отношения. Алматы, 1993.